

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

# Алаш әліппесі шындаған

Күні кеше Астана төрінде қазақ пен қырғыз ұлты зиялышарының, атап айтсақ, мәдени-ғылыми сала тұлғаларының, қайраткер ақсақалдарының кездесуі өтті. Жиынды еліміздің Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин жүргізіп отырды. Қырғыз тарапының сөз тізгінін осы елдің Мемлекеттік хатшысы Сүйінбек Қасмамбетов ұстады. Ағайын екі ұлттың елеулі тұлғалары ойын ортаға салып, рухани байланыстың жаңа кезеңіне қатысты жөн-жобасын ұсынды. ЭКСПО-орталығының екінші қапталында қазақ-қырғыз жастарының алқалы жиыны өтіп жатты.

Бізге бұл іс-шара бір кездегі Шыңғыс Айтматов үйітқы болған «Ыстыққөл форумының» жалғасындағы яки өситетіндей көрініп тұрды. Бұған «шүкір!» дейміз.

Осы жиынның алдында, 17 сәуірде «Egemen Qazaqstan» газетінде әдебиеттанушы-академик Абдылдажан Ақматалиевтің «Қазақ-қырғыз бір туған, алға қарай ұмтылған...» атты мақаласы жарық көріп еді. Мұнда ғалым: «Қырғыз-қазақ интеллигенциясының қалыптасуында екі халықтың ғалымдары үлкен рөл атқарды» деп баға берген. Бұл – шын сөз. Дәлірек айтсақ, 1960-1990 жылдары әдебиетші тұлғаларымыз, ақын-жазушыларымыз ешкімнің нұсқауынсыз-ақ дәстүрлі тарихи байланысты сындарлы деңгейге көтере білді. Әрине, бұл қарым-қатынастың негіздеріне қатысты деректер әлі де толыға түсіу керек. Бұл көп айтылатын Шоқан мен «Манас», Мұхтар мен «Манас», Сүйінбай мен Қатаған, М.Әуезов пен Ш.Айтматов т.б. әлеуетті зерттеу бағытын байыта түседі деп санаймыз.

Сол машат-бастауға (қырғызша башат – бұлак) қатысты бірер ойды дәйектей кетуді дұрыс санаймыз.

**Біріншісі** – Уфадағы «Медресе Ғалия» бастауы. Түркі дүниесіне ортақ тұлға, сойы асыл Зия Камалидың (1873-1942) рухы шат болсын, осы ғұлама негізін қалаған оқу орнында башқұрт, татар, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, құмық т.б. балалары оқып, кейін ұлт-ұлысының білім-ғылымын, баспасөзі мен жаңа әдебиетін қалыптастыруды. Міне, осы құтты шаһарда екі азамат – қырғыз Ишанғали Арабайұлы мен қазақ Хафіз Сәрсекеұлы ой біріктіріп, 1911 жылы тұңғыш рет жәдиттік бағыттағы «Қазақ-қырғыз әліппесін» жазды («Қазақ уә қырғыз балалары үшін осул саутия илә жазылған әліппе яки төте оқу». Мөрәттиб уә нәшәрләрі: Мәдрәсә-и Ғалиядағы қырғыз уә қазақ шәкірттері. Құрастырған Ишанғали Арабаев және Хафіз Сәрсекеев. – Уфа: Шарқ мәтбәғәсі, 1911. – 52 б.). Әлбетте, А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда шыққан білікті, салмақты «Оқу құралының (Қазақша әліппе)» жөні бөлек, бірақ өздерін сол Ақаңның шәкірті санаған қос азаматтың бастамашылдығы, өжеттілігі тарихқа енуі қажет. Сондай-ақ осы дата қос елдің филология, лингвистика саласының бірлік күні ретінде айқындалса дейміз.

**Екіншісі** – 1916 жылдағы үркіншілік тағылымы. Бұл – туысқан екі ұлт үшін де ең ауыр шақ, 1916-1917 жылдары сан мың адам туған жерінен амалсыз Қытай ауды. Бабаларша айтсақ, «бір жағы – жар, екінші жағы – құз» ахуал. Әсіресе, қырғыз ұлты үдерес көшті. Жаңылыспасақ, сол көштің ішінде болашақ қырғыздың классигі, бұл кезде жас бозбала Қасым Тыныстанұлы да жүрді. Сол қаралы да жаралы құндерде Алаш көсемі Әлихан Бекейхан бастап, Петербордың жауапты орындарына, Госдумаға дейін дабыл қақты. «Қырғыз халқына көмек» деп, елден жылу жинады. Бұған күә – тарихи «Қазақ» газетіндегі материалдар. Бір мақаладан үзінді оқыық: «Мұхаметжан Тынышбайұлының жинаған мағлұматынша, Қытай жеріне (Құлжа, Қашқар өлкесіне) босқан қырғыздың саны 164 мың адам екен. Осы (1917) жылдың иүліне дейін қалғаны – 83 мың, жеріне қайтқаны – 69 мың, Қытай жерінде қалғаны 12 мың. Біз бұрын қырғынға ұшыраған жалғыз қырғыз деп жүруші едік. Жаркент уезіндегі албандардың (ұлы жұз) босқаны да, қырғыны да қырғыздан кем емес екен. Алаш азаматы, құлақтарыңа саламыз! Қырғыз бауырларыңды ұмытпа!». Бұл – бір дерек. Екінші дерек – Бірінші жалпықазақ съезі қаулысында мынандай шешім бар: «Жетісу облысындағы аштықтан қырылып жатқан қазақ-қырғызға алаш баласы жәрдем беруін сиез өтінеді».

Мұндай ой, ұсыныс, дерек Алаш газеттерінде тұнып тұр. Біздіңше, осы үркіншіліктегі бірлікке ескерткіш қою – бүгінгі ұрпақтың асыл парызы. Тіпті екі елдің суреткерлері роман жазып, көркем фильм түсірсе де құбакұп.

Осы жолдағы басты қадам – Қырғыз елінің докторанттары (тарих, әдебиеттану, журналистика бағыты) «Қазақ» газетіндегі қырғыз халқының ахуалы», «Алаш газеттеріндегі қырғыз үркіншілігі» т.б. тақырыпты қаузай бастаса, екі ел арасындағы қыл өтпейтін бауырластық беки түсер еді.

**Үшіншісі** – Алаш мұраты туралы. Бұл – біздің біріктіретін рәмізді кезең. Өз басым «Қазақ», «Ақжол», «Тілші» газеттерінен Ишанғали Арабайұлы мен Қасым Тыныстанұлына қатысты кемінде 30-ға тарта мақала, дерек оқыдым. Мысалы, әйгілі қазақ ақыны Ғұмар Қараштың «Өрнек», «Тұрмыш» атты кітаптарын таратуға Ишанғали белсене атсалысқан. Қырғыз Қасымның «Алашқа» атты өлеңі кейінгі барлық жинағына енді. Ақын былайша толғанады:

*«Алашым, кандай эди бурунғы шак,*

*Ол кандай кара туман ортагы тап?*

*Бул заман – оқуу-билим заманасты,*

*Иске кир, белиңди буу, бекем устап...».*

1922 жылды Ташкентте Алаш зияллылары құрған (төрағасы Халел Досмұхамедұлы) «Талап» мәдени үйімінің басқарма құрамында да Қасым жүрді. Осы қалада жоғары деңгейде өткен Ақаңың 50 жылдық

мерейтойында («Киринпрос» яғни халыққа білім беру институты ұйымдастырған) қырғыз зияялары тік тұрып қызмет еткен. Сондай-ақ қырғыз классигі Қасым Тыныстанұлының алғашқы өлеңдері қазақтың тарихи «Ақ жол» газетінің (Ташкент) ізашары «Жаңа өріс» газетінде (1920 жыл, 18 сәуір – 27 шілде) жарияланғаны да – зерттеуге лайықты тақырып.

**Төртіншісі** – Қырғыз топырағындағы қазақтың береке-бірлігі. Бұл тосын тақырып емес. Тарихтың әрі сабағы, әрі тағылымы. XIX-XX ғасыр бізді әбден сынады. Біз екі-үш қызық оқиғаны білеміз. Өмірдің бұралаң прозасы... Қазақ пен қырғыз тереңдеуге секемденетін, бір-бірінің көңіліне қарайтын Хан Кене жорығына қатысқан Ағыбай батырдың ұрпағы қының кезеңдерде Қырғызстанды паналяған. Алаштың бірнеше қайраткері НКВД-дан ізін жасырып, қырғыз арасына барып аман қалған. Соның бірі – Бұхара республикасында премьер-министр орынбасары болған, тұңғыш Қазақ білімпаздары съезіне сол жақтың өкілі ретінде қатысқан Мырза Наурызбайұлы. Большевизмнің сыңаржақ экономикалық саясаты Қазақстанды ет тапсыратын аймақ ретінде белгілегендегі, қазақ халқы әп-сәтте алапат аштыққа ұрынған. Бір қауым қазақтың қырғызға барып жан сақтауының себебі сол...

Бәріміз қырғыздың біртуар өнер қайраткері Сүйменқұл Чокморов Бақтығұл рөлін сомдаған «Қараш-Қараш оқиғасы» фильмін жақсы білеміз. Туынды түркіге ортақ қайраткер Тұрардың әкесі Рысқұл туралы. Бұған классик М.Әуезовтің повесі арқау болғаны мәлім. Осында Жарасбай деген күрделі кейіпкер бар. Сонында осы болыс кекті Бақтығұлдың оғына ұшады. Өмірде бірі – Саймасай Үшкемпірұлы, екіншісі – Рысқұл Жылқайдарұлы. Большевик көзқарасымен айтсақ, бітіспес, ымырасыз екі таптың өкілі. 30-жылдары екеуінің де ұрпағы қырғыз асқан. Біз мына заманда Т.Рысқұловтың немере туысымен жолықтық. Бішкекте. Көп жыл Қырғызстан қаржы министрлігінде жауапты қызмет атқарыпты. Құдайдың құдіретімен сол салада Саймасайдың да ұрпағы жұмыс істепті. «Бір күні, – деп еді сонда марқұм Ахмет Құлназарұлы, – тәуекел деп Тұрар атамыз ашу-ызамен атқан Саймасайдың ұрпағын дәмге шақырдым. «Қының кезеңге, күрделі жағдайға біздің не кінәміз бар? Енді ағайын болып жүрейік...» деп. Ол да келісті. Құшақ жайып, қол алысып, бауырластық. Аруақ қолдады деп ойлаймын...».

Біздіңше, осы түсіністік оқиғасы бәрімізге тәлім болғаны абзal. Біз Кенесары ханның Қырғыз жорығы мен оның күрделі һәм шетін дерегіне де ағайындықтың парасат биігінен қарауымыз керек. Түркістан даналығын жырлаған Мағжан ақын да осыны айтады.

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ